

# Туған жерім - Қостанайым





*Қостанай қаласының  
эмблемасы*



«Қостанай» сөзінің пайда болуы жайлы аңыздар көп. Бірі Қос-Танай шатқалының атауын қайтыс болған сұлу әпкелер Қос және Танай есімімен байланыстырса, екіншісі дәл сондай есімге ие болған ғашықтармен байланыстырады. «Қостанай» сөзінің пайда болуы туралы болжамдарының бірі «Кос Тней Сай» атауы этимологиясын көрсетіп, бұл жерлерді қыпшақ тайпасынан шыққан Ұзын тармағының, Алтынбас руымен байланыстырады. Мүмкін бұл пікір ең тиімдісі шығар, себебі біздің қаламыз, бұрын қала шекарасы болған, ал қазір тарихи орталықты тұйықтайтын екі сайды әлі күнге дейін сақтап отыр.

« Міне, ол жұмақ, жаңа қала, ерікті қала, Қостанай!

Үстел сияқты тегіс, шанды жайлауда, жартылай кеуіп жатқан Тобыл жағасында Қостанай тұр... Кең көшелер өзара қиылысып жатыр. Орталығында – бір мемлекетке тең келетін алаң орналасқан. Көшелерде, алаңда 4, 5 терезесі бар жерүйлер, шағын үйшіктер және үйлер тұрғызылған. Қала ортасында қамалға ұқсас 2-3 тас үй: қалың қабырғалар, алып тас қақпалар, амбарлар және қоймалар. Қостанай қаласы қорқынышты қала! Апта бойы жайлауда бораң және күнді шаң басады ... Шаңнан құтыла алмайсың, адам көрінбейді және елсіз жер. Бала-бақша, газет, телефон, жақсы шіркеу жоқ ...».(В. Дедлов)





*Қасиетті Никольск шіркеуі маңындағы базар алаңы, XX ғасырдың басы*



*Соборная көшесі (қазіргі А.Байтұрсын), XIX ғасырдың аяғы*



*Михайлово-Архангельск шіркеуі*



*Большая көшесі, XX ғасырдың басы (алдыңғы көріністе – өрт бақылайтын мұнара)*



**Алғашқыда «Николаевка» деп аталды.**

**1893 ж. Қазақстанның құрамында болған бұрынғы Торғай облысында жаңадан ендірілген уездік аумақтық-әкімшілік бөлінісіне сәйкес оған «Қостанай» атауы берілді де, Қостанай уезінің орталығына айналды.**

**1912 – 13 ж. Оңтүстік Сібір темір жолы магистралінің Челябинск – Троицк – Қостанай тармағының салынуына байланысты Қостанай Ресейде өнеркәсіптік дамуы бойынша біршама ілгері тұрған Орталық Ресей аудандарымен тікелей сауда-саттық байланыстар жасауға мүмкіндік алды. Соның нәтижесінде Қостанай Солтүстік Қазақстандағы ірі сауда орталықтарының біріне айналды.**

► Бүгінгі таңда мұнда жеңіл өнеркәсіпті құрайтын комвол-шұға комбинаты, «Большевичка» тігін, аяқ киім фабрикалары, тамақ өнеркәсібін құрайтын ет, сүт, ұн-жарма және нан комб-тары, құрылыс материалдар өнеркәсібінің темір-бетон комбинаттары мен қызыл және силикатты кірпіш заттары, құрылыс-монтаж құралымдар комбинат, машина жасау мен металл өңдеу өнеркәсібінің авиақозғалтқыш, автомобиль және ауыл шаруашылық техникасын жөндеу зауыттары, химия өнеркәсібінің химиялық талшық зауыты, электроэнергетика өнеркәсібіне қарасты жылу электр орталығы, автомобиль жөндеу зауыты, жиһаз жасау өнеркәсібі, тұрмыс қажетін өтейтін комб., т.б. жұмыс істейді.





- ▶ Батыс Сібір ойпатының дала белдемі алып жатқан оңтүстік-батыс шетін құрайтын Қостанай жазығының орталық бөлігінде орналасқан. Тобыл өзенінің, оған Әбілсай мен Қостанай деген салалары құятын биік жарқабақты террасалы жағада орналасқан.



- ▶ Жерінің аумағы 8991 гектар. Тұрғыны 205,5 мың адам (2003). Қостанай осы атыраптағы байырғы елді мекендердің бірі. Оның іргесін 1897 ж. Ресей патшасының жарлығына байланысты қазақтың жергілікті руларынан тартып алынған «Қостанай» атты қоныста, Еділ бойы мен Орынбор губерниясынан көшіп келген орыс шаруалары қалаған.



▶ Қазір қаланың өнеркәсіп құрамындағы кәсіпорындарда салалық 10 АҚ, 9 ЖШС, 4 МҚК бар. 2000 жылғы деректер бойынша Қ-да барлығы 30 ірі кәсіпорын, т.б. бірлестік жұмыс істейді. Қалада Солтүстік Қазақстанның геология басқармасы мен оның орталық лабораториясы, А. Байтұрсынов атындағы мемлекеттік университет, мемлекеттік және егіншілік жобалау институттарының, су құрылысын жобалау институтының бөлімшелері, кооперативтік, автомобиль, құрылыс колледждері, 2 қалалық кәсіптік-тех., мед. мекемелері,



облыс тарихи және геология музей, гидрометеорология бюро, 59 мектеп, 2 мәдениет үйі, облыстық драма театр, филармония, 13 кітапхана жұмыс істейді. Денсаулық сақтау және сауықтыру мекемелерінен 12 аурухана (облысы және қалалық клиник. аурухана, теміржолшылар мен балалар клиникалық ауруханалары, облыстық және қалалық емханалар, онкология, туберкулез, психиатриялық, венерология диспансерлер, сүйек туберкулезі санаторийі, қалалық трахомоздық аурухана), 6 акушерлік пункт, 131 дәріхана, облыстық радио-телестудиялар, стадион тұрғындарға қызмет көрсетеді.

Гүлдене бер Қостанай!!!



## **Туған жерім - Қостанайым!**

Туған қалам, туған өлкем,  
Мәңгі сені сүйіп өтем,  
Жат елде жүрген, сәттерінде  
Мәңгі сені аңсап жүрем.  
Қымбат маған көгілдір сенің аспаның,  
Қымбат маған сенің Тобыл өзенің  
Қымбат маған сенің әсем көшелерін  
Осының бәрі туған жерім –  
Қостанайым!

Бабамның қаныменен тері сіңген,  
Туған жер оттай ыстық бесігімнен,  
Баршаға пана болып, ана болған,  
Туған жер, айналайын, Қостанайым!  
Туған қала тарихыңң тарауы кең,  
Ғасырмен тарауы өсіп барады екен,  
Мәңгілік тарихтағы том-том кітап  
Өлмейтін жүректегі атамекен

*Қуаныш Камила*

